


*Қазақстан мен АҚШ-тың  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ*





*Дамушы елдер қатарына енетін Қазақстан үшін АҚШ сынды нарықтағы беделі жоғары елмен қарым-қатынаста болу өте маңызды. Екі ел арасындағы байланыс 1991 жылы 25 желтоқсанда – АҚШ Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін таныған кезден бастау алады. Ал 1997 жылы Қазақстан мен АҚШ арасында экономикалық әріптестік бағдарлама жасалған болатын.*

# *Келісімдер*



Одан кейінгі байланысты нығайтуға бағытталған ресми кездесулер ортақ сауда және экономикалық шешімдердің нәтижесін берді. Мысалы, 1999 жылы қол қойылған екі ел арасындағы келісімде АҚШ пен Қазақстан арасындағы қарым-қатынасты ары қарай дамыту, еліміздің демократиялық және экономикалық өркендеуіне қолдау көрсету сынды шаралар қарастырылған.

# *Экономикасы*



АҚШ Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі тарапынан қолға алынған "Болашақ" бағдарламасы аясында ел азаматтарының Нью-Йорк, Вашингтон, Бостон және Сан-Франциско сынды қалаларында білім алуларына мүмкіндік туғызды. Қазіргі кезде, Қазақстан өзінің әлеуметтік жағдайы мен әлемдік экономикаға кірігу мүмкіндігін нығайту мақсатында АҚШ-пен саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірдің барлық салаларында тең серіктестік қатынастарын белсенді дамытуға тырысуда.

Екі ел арасындағы ресми байланыс 1991 жылдан бастау алды. АҚШ сол кезеңде енді ғана өз тәуелсіздігін алып, дербестігін таныта бастаған Қазақстанмен қарым-қатынасын дамытуға қызығушылық білдіріп, алғашқылардың бірі ретінде елшілік қатынастарын ұсынған. Алғашқы күндерден бастап, Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасындағы ортақ байланыс үлкен қарқын алып, бүгінге дейін жоғары деңгейде сақталып келеді.



1994 жылы 14-16 ақпанда Президент Нұрсұлтан Назарбаев АҚШ-та ресми сапармен болып, оның барысында Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасында серіктестік қатынастарды дамыту және тереңдету үшін негіз жасайтын басты құжат — **"Демократиялық серіктестік туралы хартияға (құжатқа)"** қол қойды. Бұл ортақ құжат 17 баптан тұрады. Құжатта саясат, қауіпсіздік, экономика, мәдениет, білім беру, қоршаған ортаны қорғау, ғылым, денсаулық сақтау мәселелері мен өзге салаларда екі мемлекеттің мақсаттары мен міндеттері нақты баяндалды.

# АҚШ пен Қазақстан арасындағы тауар айналымы

*Америка Құрама Штаттары – Қазақстанның ірі сауда әріптестерінің бірі. 2009 жылы Қазақстан мен АҚШ арасындағы тауар айналымы 2 миллиард АҚШ долларын құрады (экспорт – \$612,6 миллион, импорт – \$1,4 миллиард). Бұл Қазақстанның жалпы тауар айналымының 3,3 пайызына тең. Сауда айналымының 2008 жылмен салыстырғанда, 500 миллион АҚШ долларына төмендеуі дүниежүзілік экономикалық дағдарыс салдары екені түсінікті.*

# Сауда-экономикасы

АҚШ-пен сауда-экономикалық ынтымақтастықта Қазақстан үшін инвестиция тартудың маңызы зор. Бұл фактор – елдің тұрақты және қарқынды дамуына себепші және қазақстандық көп қырлы саясатты тиімділікпен пайдалануда жемісті қызмет етеді. Мәселен, 1993 жылдың маусымынан бері АҚШ-тың Қазақстанға салған тікелей инвестицияларының жалпы көлемі 30 миллиард долларға жеткен екен. Өткен жылдың 9 айында ғана осы елден 1,5 миллиард АҚШ доллары тікелей инвестиция болып келген. Бұл 2008 жылдың осы мерзіміндегіден 6,3 пайызға артық.

Қазақстанда АҚШ капиталының қатысуымен 350-ден астам кәсіпорындар жұмыс істейді.





**"ШевронТексако", "ЭксонМобил", "КонокоФиллипс", "Орикс/КеррМакГи" сияқты америкалық компаниялар еліміз экономикасының дамуына көмегін беріп, алдыңғы орындарды иеленуде. Америкалықтардың қатысуымен құрылған "Теңізшевройл", "Аджип ККО", "Каспий тұрба құбыры консорциумы", "Қарашығанақ интеграциялық ұйымы" сияқты компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар еліміздегі ірі жобаларды жүзеге асыруға белсене үлес қосып келеді.**

*Сонымен қатар, энергетика саласындағы Қазақстан мен АҚШ әріптестігі жөніндегі арнаулы комиссия 7-8 жылдан бері жұмыс істеп келе жатыр. Осы уақытқа дейін бұл комиссия алты отырыс өткізіп, оларда мұнай-газ, электр және атом энергетикасы, ядролық технологияларды таратпау, қоршаған ортаны қорғау секілді маңызды мәселелердегі әріптестік қатынастарды одан әрі дамытудың жолдары қаралды.*

Назар аударғандарыңызға  
рахмет

Орындаған: Нурахметова Айгерім